


780 495  
Б94

***Б/Р КҮИ БАР  
ДОМБЫРАМДА.***



# ***БІР КҮЙ БАР ДОМБЫРАМДА...***

Касым Аманжоловтың өлендеріне жазылған әндер жинағы.  
Кұрастырған Дариға Аманжолова

«О

"Күніне жүз ойланып, мы толғанған" сыршыл ақын Қасым Аманжолов өлеңдеріне жазылған әндер жинағы өздеріңізге жол тартты. Ақынның өз әндерімен ашылып отырған осы жинаққа Ғ. Жұбанова, С. Мұхамеджанов, К. Мусин, Ө. Байділдаев, Ө. Еспаев, Т. Базарбаев сияқты танымал және басқа да композиторлардың халық арасына кең тараған туындылары енгізілді.

Жинақ профессионал әншілермен қатар, жалпы ән сүйер көпшілікке арналған.

490500000—91  
409(05)83 4 3 - 8 3

"Өнер" баспасы 1983

## ДӘУІРДІҢ ҮНІ МЕН ЖЫРЫ

Ақын Қасым Аманжолов творчествосы қазіргі күнде халықтың мақтаныш тұтар қазынасына, әдеби мұрасына айналып отыр. Ол неліктен? Оның ақындық асқақ шабытынан туған тамаша жырлар, шындығында дәуірдің үні мен жыры болып табылғандықтан.

Өзінің азаматтық, ақындық тұлғасымен нағыз советтік заманның өз перзенті, өз ақыны болып өткен оның үні де, жыры да халықтікі, халық өзінің бар сипатын оның творчествосынан айнадағыдай анық көреді.

Қасым Аманжолов сонау балаң жігіт шағынан өлең мен әнді қатар жазып, шырқап өскен ақын.

Оған әсер еткен елдің жаңа дәуірге, азаттық өмірге көшкен рухани серпілісі, халық таланттарының сол тұста қаулап өскен қарқыны болатын.

Алғашқы көркем өнерпаздар үйірмесінде жарқылдап көзге түсіп, думан ортасында ән салып, күй тартқан өзіндей таланттармен қатар өмір кешкен Қасым, шын мәнісінде, бар жанымен музыкант адам еді.

Ол бесасап еді, музыкалық құралдарда түгел ойнайтын. Шіркін, құлаштап гармонь тартып, сыңғырлатып мандолина, балалайкада ойнап, бір сәт пианино клавиштарында саусақ еркелетіп, сызылтып скрипкада ғажайып үнге басатын. Сол сәтте ол жас балаша көзінен қуаныш жасы шұбырып, күлімсіреп, күн сәулесіне иек сүйеп, бүкіл денесімен қаршығадай қомданып, енді ұшып кеткелі тұрғандай болушы еді. Осы минуттарда өзін де, өзгелерді де рахатқа шомылдыратын.

«Туған елі өлеңнен құя салған, алдыңызда отырған мынау Қасым», - деп өзі айтқандай, жомарт табиғат одан өнер нұрын аямағандай еді, тұла бойы тұнып тұрған өлең мен әуен еді. Жікішке тегеурінді саусақтарымен домбыра пернесін басқанда керемет үн төгілетін.

Қасымның мен өз құлағыммен естіген өзі шығарған әндері бірсыпыра еді. Әуесқойлықтан шығарған емес, өлеңдеріне қосымша қуат бітіру үшін, айтарын толық айту үшін шығарған әндер текспен егіз туған, бір-бірінен ажырата алмастай көрінетін еді де, саздары бір түрлі өзгеше, жаңаша, күрделі болып келетін. Оның атақты «Дариға» әні тек ән емес, тұтас бір музыкалық та, поэзиялық та драматизмге толы поэмадай сезілер еді. Оны кез келген адам, әнші орындауы мүмкін емес. Онда адам жан күйінің сандаған құбылысы, қуаныш, бақыт, арман, өкініш, жылау мен күлу, құлау мен қайта түрегелу, өмір салтанатын мадақтау секілді саидаған сезім құбылыстары жалғыз ән, өлеңнің бойына сыйып кеткен. Мұндай қасиет сонау Біржан, Ақан, Әсет, Мәди шығармаларында ғана кездесер еді.

Сондай-ақ, осы күні қалың көпшілік айтып кеткен «Өзім туралысы». «Туған жер», «Оралым» немесе Абайдың «Өлсем - орным қара жер» өлеңіне шығарған әндері Қасымның музыка шығарудағы өз алдына стил, принципі бар музыкант екеніне дәлел болса керек.

Қасым өзін композитормын деп санаған кісі емес, оны мақсат та тұт-

паған, бірақ оның жаны өзінен-өзі музыкаға икем, көкірегі толған үн болғандықтан ақындық шабыт сағаттарында ылғи да әнсіз, әуенсіз отыра алмайтын.

Сондықтан да оның лирикалық өлеңдері, әсіресе жастық жырлары әлдебір әуенге сұранып тұрады, жалпы, өлеңдегі үнділік, саздылық та соның нәтижесі дер едім. Өлеңдерде буын, ырғақ іркістігі байқалмай, сымбатты, сұлу шығатыны содан.

Көпшілікке ұсынылып отырған жинақ - Қасым өлеңдеріне жазылған музыкалық шығармалар, әндер.

Ақынның өлеңдеріне жаппай назар аударып, музыка жазу - соңғы дәуірдегі, ақынның өзі жоқ, жиырма, жиырма бес жылдың жемістері. Оның толық шығармалар жинағы жұртшылық қолына тиген соң барып, Қасымның ақын екендігі әбден танылғанда барып, қолға алынған іс. Бұл жұмыс бұдан әрі қарай да дами бермек.

Мен музыка маманы емеспін, Қасым өлеңдерінің бар қасиетіне мұнда жазылған әндер қаншалық сәйкес екендігін тап басып айта алмаймын.

Әдетте, Абай сөзіне жазылған әндер де баршылық. Солардың біз Абай стиліне, Абай мәнеріне жақындарын ғана жақсы көріп айтамыз.

Қасым да - соған ұқсас тұлға. Сондықтан, Қасымға деген құрмет, ықыласты қуана құптай отырып, оның рухына әндердің сәйкес болуын тілер едік.

Баяғы бала кезімізде, соғыс жылдарында ойнақы бір сергек ән айтып жүруші едік. Ол:

Ал қара көк астымда,  
Белде болат қанжарым.  
Күзеттемін мен мұнда,  
Қайда екен жан-жарым! - еді.

«Жауынгер жыры» деген, бақсақ сол Қасымның өлеңі екен. Ең алғашқы өлеңдерінің бірі. Соған қайдан тапқанын кім білсін, халық өзі әуен тауып алыпты. Өлеңге жарасымды әуен табу - таланттың ісі.

«Бір күй бар домбырамда тартылмаған» деп басталатын өлеңі Қасымның махаббатшыл жас кезінде жазған туындысы, соған мұның қазіргі айтылып жүрген әні, мысалы, мінез жағынан жарасымды-ақ дер едім. Сыпайы сыр, әсем наз лебі ескендей. Ал философиялық мәнді өлеңдерге осындай ойнақылық жараспас еді. Ақынның сол өлеңді жазу тұсындағы жан құбылысын тану - композитордың алғыр, сезімталдығына жатса керек. Бұдан былай да Қасым немесе өзге ақындар шығармаларына назар аударғанда осы басты жайт есте болуға тиіс.

Сыршыл ақынның өз өлеңдеріне өзі жазған әсем әндерімен ашылып отырған кітаптың жолы болсын! Қасым творчествосын қалың елге тарата беру деген игі ниетке қосылған бұл да бір үлес.

Келешек ғасырлардың тың жылдары  
Күмән жоқ, сол торапқа соғар бәрі!

- деп, көрегендікпен Қасымның өзі айтқандай, келешек композитор, өнер ұрпақтары Қасым творчествосына соға беруіне күмән жоқ.

**Ғафу Қайырбеков**, ақын,  
Қазақ ССР Мемлекеттік  
сыйлығының лауреаты.

## МАЗМҰНЫ

Өзім туралы. Өлеңі мен әнін жазған Қ. Аманжолов	5
Дарига, сол қыз. Өлеңі мен әнін жазған Қ. Аманжолов	10
Жыр жазамын жүрегімнен. Әнін жазған Ғ. Жұбанова	15
Сәскеде сансыз көкек сұңкылдаған. Әнін жазған Ғ. Жұбанова	18
Таң (майдан бойында). Әнін жазған С. Мұхамеджанов	20
Ғашық едім, қайтейін. Әнін жазған С. Мұхамеджанов	23
Шалқы, дария! Әнін жазған Қ. Мусин	24
Алма бағында. Әнін жазған Қ. Мусин	28
Сайра, сайра, сандуғашым. Әнін жазған Ә. Еспаев	31
Аксәуле. Әнін жазған Ә. Еспаев	37
Жаным, сәулем, еркешім. Әнін жазған Ө. Байділдаев	42
Жан сәулем. Әнін жазған Т. Базарбаев	46
Жас дәурен. Әнін жазған Т. Тайбеков	51
Білесің бе, жан сәулем. Әнін жазған Т. Қайырбеков	56
Жаз дидарлы жас ана. Әнін жазған М. Маңғытаев	56
Жай қалқа. Әнін жазған Л. Сүйіндікова	62
Күндей шалқып күлгенің. Әнін жазған Ж. Дастенов	65
Мен сүйем Әнін жазған Б. Қыдырбекова	69

## ДОМБРЫ ЗВУЧАНИЕ О ТЕБЕ

(На казахском языке)

Сборник песен на стихи **Касыма Аманжолова**

Составитель **Дарига Аманжолова**

Редактор **М. Тайменкеев**  
Лит редактор **А. Абаханоаа**  
Нотная графика **С. Уразғалиева**  
Художник **К. Хамитов**  
Худ. редактор **Х. Баймуратов**  
Техн. редактор **Р. Махмұтова**  
Корректор **Ж. Махмұтоаа**  
"Н/К"

Сланов набор 300682 г Подписано к печати 6 1282 г  
Гарнитура литературная Бумага иллюстр. 100 г/м<sup>2</sup> Формат 70х100/  
Усл. п. л. V Уч. нми. 5.99 Тираж 8800 экз  
Цена 20 коп Заказ 4471

Издательство «Өнер» Государственного комитета *Казахской ССР* по делам издательства, полиграфии и книжной торговли  
480124, г. Алма-Ата, пр. Абая, 143.

Типография оперативной и билетно-бланочной продукции производственно-го объединения полиграфических предприятий «КІТАП» Государственного комитета *Казахской ССР* по делам издательства, полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата, уд. К. Маркса, 13/1.